

Кішіқұм ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 20 қарашадағы № 5 "Елді мекендерге көше атауын беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Кішіқұм ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 19 қаңтардағы № 4 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 қаңтарда № 8015 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына және Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 490 және Ақтөбе облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 479 "Ақтөбе облысының Алға, Ырғыз, Мәртөк, Мұғалжар және Шалқар аудандарының кейбір елді мекендерін тарату туралы", нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6570 болып тіркелген бірлескен қаулысы және шешімі негізінде, Кішіқұм ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Кішіқұм ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 20 қарашадағы № 5 "Елді мекендерге көше атауын беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-13-90 тіркелген, 2009 жылғы 5 қаңтардағы аудандық "Шалқар" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

кіріспесіндегі "№ 4200" сандары алынып тасталынсын;

1 тармақ келесідей жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Кішіқұм ауылдық округіне қарасты елді мекендердегі көшелерге төмендегідей атаулар берілсін:

1) Шілікті ауылы бойынша:

"Толағай", "Теректі", "Сартепсең", "Қоңыртөбе", "Сарөзек", "Жалаулы", "Достық", "Мендікөл", "Мұрынқұм", "Сарбұлақ", "Бейбітшілік", "Теміржолшылар", "Шілікті" көшелері;

2) Қарашоқат станциясы бойынша:

"Кішіқұм", "Жеңіс", "Теміржолшылар", "Достық" көшелері;

3) Ақеспе станциясы бойынша:

"Отан" көшесі;

4) Шоқысу станциясы бойынша:

"Теміржолшылар", "Толағай", "Сарбұлақ", "Жастар" көшелері."

2. "Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Кішіқұм ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Кішіқұм ауылдық округінің әкімі

К. Казбеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК